

Б.Қ. Момынова¹, **Ж.Б. Саткенова^{2*}**,
У.Г. Анесова², **Г.Б. Мадиева²**

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: jaina1978@mail.ru

XX ҒАСЫР БАСЫНАН ЕТІСТІКТІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕР

Мақала етістіктің грамматикалық категориялары мен құрылымын метабелгіленімде қалай көрсетуге болатынына арналған. Ол үшін, алдымен, тілдегі күрделі етістіктер, олардың түрлері мен жасалу ерекшеліктеріне байланысты ғалымдар пікірлеріне арнайы тоқталып, сараланды. Мақаланы жазу барысында кестелер сызылды, қазақ тіліндегі дара және күрделі етістіктердің сызбалары жасалды. Күрделі етістіктердің қолданысы туралы белгілі бір дәрежеде ақпаратты толықтыра түсу үшін «Абай жолы» романындағы етістіктердің қолданысы мен құрылымдық ерекшеліктері қарастырылу көзделді. Романнан мысалдар іріктеу, күрделі етістіктерді компоненттер санына қарай топтастыру мақсаты көзделді. Соның негізінде күрделі етістіктегі арналған ақпараттар қатары толығымен деп шешілді.

Ол үшін мынадай міндеттер көрсетіледі: грамматикалық категориялары көп болып табылатын ірі сөз табы етістіктің жалпы морфологиялық сипатына, өткен ғасыр басындағы көзқарастарды қамти отыра тағы да тоқталу; етістікке берілген анықтамаларды тарихи кезеңдерден (XX ғасыр басынан қазіргі күнге дейінгі) бастап салыстыру; етістіктердің лексика-грамматикалық бөлінісі мен грамматикалық категорияларының әр кезеңдегі жіктелісіне тоқталу; олардың грамматикалық категориялары мен грамматикалық мағыналарын тудыратын қосымша морфемаларды көрсету; категориялардың аталуындағы (терминдер жүйесіндегі) кезеңдік ерекшеліктерді көрсету; етістіктердің құрылымдық топтарын санамалап өту; күрделі етістіктердің компоненттерінің санының құбылуы күрделі іс-әрекеттердің семантикасына әсері болатын я болмайтынын анықтау; сол арқылы бөлінісі жүзеге асатынын көрсету; сондай-ақ «Абай жолы» романындағы етістік түрлерінің қолданысына тоқталу барысында күрделі етістіктер жөніндегі ғылыми ақпаратты толықтыруға әрекет ету және, ең негізгі мәселенің бірі, осыған дейінгі тіл корпустарындағы етістікке қатысты әзірлемелердің ерекшелігін көрсету т.б.

Түйін сөздер: метабелгіленім, «Абай жолы» романы, рай формасы, күрделі етістік, етістік құрылымы.

B. Momynova¹, Zh. Satkenova^{2*}, U.G. Anesova², G.B. Madieva²

¹A.Baitirsynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: jaina1978@mail.ru

The Study of the Verb Since the Early 20th Century and Complex Verbs in the Novel «The Path of Abai»

This article explores how the grammatical categories and structure of verbs can be represented in metatagging. To achieve this, the study first examines complex verbs, their types, and formation characteristics, with a particular focus on scholars' perspectives on the topic. During the writing process, tables were constructed, and schematic representations of simple and complex verbs in the Kazakh language were developed. To further enhance the understanding of complex verb usage, the study aims to analyze their application and structural features in the novel «The Path of Abai». Specifically, the research involves selecting examples from the novel and classifying complex verbs based on the number of components. This approach is expected to contribute to expanding the body of knowledge on complex verbs.

In this regard, the study sets the following objectives: to examine the general morphological characteristics of verbs as a major lexical category with extensive grammatical features, while also revisiting early 20th-century scholarly perspectives; to compare definitions of verbs across historical periods (from the early 20th century to the present); to analyze the lexical-grammatical classification of verbs and their grammatical categories over different periods; to identify the morphemes that generate grammatical cat-

egories and meanings; to highlight period-specific differences in the terminological system of category classification; to enumerate the structural groups of verbs; to determine whether variations in the number of components in complex verbs influence the semantics of complex actions; to illustrate how these distinctions are established; and to expand scientific knowledge on complex verbs by examining their use in "The Path of Abai". One of the key issues addressed is the identification of the unique features of previous corpus-based studies on verb systems.

Key words: metatagging, "The Path of Abai" novel, mood forms, complex verb, verb structure.

Б.Қ. Момынова¹, Ж.Б. Саткенова^{2*}, У.Г. Анесова², Г.Б. Мадиева²

¹ Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: jaina1978@mail.ru

Исследование глагола с начала XX века и сложные глаголы в романе «Путь Абая»

Статья посвящена тому, как можно представить грамматические категории и структуру глагола в метаразмётке. Для этого, в первую очередь, подробно рассматриваются сложные глаголы, их виды и особенности формирования, а также мнения ученых по данной теме. В процессе написания статьи были составлены таблицы, разработаны схемы простых и сложных глаголов казахского языка. Для более полного представления об употреблении сложных глаголов планируется рассмотреть их использование и структурные особенности на материале романа «Путь Абая». В частности, ставится цель отобрать примеры из романа, сгруппировать сложные глаголы по количеству компонентов. На основе этого предполагается дополнить сведения о сложных глаголах.

В этой связи в статье ставятся следующие задачи: рассмотреть морфологические особенности глагола как одной из наиболее грамматически развитых частей речи, вновь обратиться к взглядам ученых начала прошлого века; сопоставить определения глагола в разные исторические периоды (с начала XX века до современности); проанализировать лексико-грамматическое деление глаголов и их грамматические категории в разные периоды; выявить морфемы, формирующие грамматические категории и грамматические значения; отразить периодические особенности в терминологической системе обозначения категорий; перечислить структурные группы глаголов; определить, влияет ли изменение количества компонентов сложного глагола на семантику сложных действий; показать, как осуществляется данное разграничение; а также, рассматривая употребление глагольных форм в романе «Путь Абая», попытаться дополнить научные сведения о сложных глаголах. Одним из основных вопросов является также выявление особенностей предыдущих разработок языковых корпусов, связанных с глагольной системой.

Ключевые слова: метаразмётка, роман «Путь Абая», форма наклонения, сложный глагол, структура глагола.

Кіріспе

XX ғасыр басындағы морфологияда етістіктердің анықтамасы мен грамматикалық категорияларының жазылуы. А. Байтұрсынұлының «Тіл-құрал. Қазақ тілінің сарфы 2-нші жылдық» (Орынбор – 1915) атты оқу құралында «Етістік – заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөздер» деп анықтама бере отырып, төмендегідей мысалдар келтіреді: *арт, тарт, ал, ұр, саба, соқ, қорық, күрес, маңыра, сөк, сүз, таста, шық, жық, ас, ал, төз, көр, қақ, қада, кір, төк, өксі, таңда, сескен, ұлы, өліе, көк, біл, сыз, бер, бас, ұста, ұр, ти, ой, құт, тұр, өр, шақ, жап, жек, бар* т.б.

Бұл анықтама қай тұрғыда қолайлы анықтама? Істердің өтуі яки өтпеуі болатындығын атап өтіп, осы мәселеден хабардар етуімен қазіргі

етістікке беріліп жүрген анықтамалардан өзгеше әрі бір артықшылығы осы деуге болады.

Қолайсыздығы деп анықтамадағы «заттардың» деген ұғымның ауқымына жанды, жансыздық, заттардың адамзаттық пен ғаламзаттығы деген бөлінісі – яғни, лексика-грамматикалық сипаты – бәрі де еніп кеткені көрініп тұр. Тіпті адамның өзі – зат. Тереңдей түскенде заттың өзі жанды, жансыз т.б. бөліністердің болатыны, өзге де қырлары ойға алынбаған. Кейінгі кездегі адамзаттық пен ғаламзаттық мәселесі ойдан, назардан ол кезде тысқары қалған, яғни ол түсінікке сол кезде бойлау уақыты тумаған. Бұл етістікке берілген анықтамаға байланысты айтылған ой.

Грамматикалық категориялары ең көп саналатын етістік категорияларының XX ғасыр басында (А. Байтұрсынұлы бойынша) қазіргі кез-

дегі категорияларының бөлінісінен әжептәуір айырмашылықтары бар. Айталық, оның категориялары: *есімше, көсемше, етіс, рай, көмекші етістік, жақ, шақ, болымды, болымсыз*. Көмекші етістік те категория деп беріледі, көмекшілік қызметті, көмекші етістікті категорияға жатқызу – А. Байтұрсынұлына тән.

Материалдар мен әдістер

Етіс категориясына, етістікке берілген анықтамаларға салыстырмалы талдау мақаланы жазудағы материал мен әдістерді белгілейді. Әр кезеңдегі ғалымдардың ой-пікірлерін, тұжырымдарын салыстыру барысында да аталған тәсілдің қолданылғанын айту орынды. Салыстыру кезінде мәселенің әлеуметтік қырына, әр кезеңдердегі қалыптасқан жағдайларға қарай етістікке берілген анықтамалар түрлі деңгейде жазылғанын дәлелдейді. Кезеңдер XX ғасыр басынан, кейінгі кеңестік кезеңдегі және қазіргі уақыттағы грамматикалық еңбектердегі етістікке байланысты, етістіктің категорияларына қатысты ғылыми пікірлер салыстырылды, тұжырымдар жинақталып отырды. Жинақтау әдісіне сүйене отырып, тілдік материалдар, ғылыми тұжырымдар топтастырылды, ол өзіндік ой айтуға, өзіндік көзқарасты түсіндіруге мүмкіндік тудырды.

Әдебиеттерге шолу

Мақаланы жазу барысында А. Байтұрсынұлының «**Он екі томдық шығармалар жинағы. Қазақ және орыс тілдерінде. Төртінші том. Тіл-құрал**» (2022) мен арнайы сайт (<https://kk.wikipedia.org/wiki>) форматы пайдаланылды. Соның ықпалымен мақала мақсатына сәйкес А.Байтұрсынұлының грамматикалық категорияларды жіктеуі, ол қолданған терминдер мен анықтамаларға тоқталып, саралу жүргізу мүмкін болды. Сонымен қатар Х. Досмұхамедұлының «Адамның тән тірлігі» (1927), Құдайберген Жұбанұлының грамматикаға байланысты «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулері» (1999) еңбектері XX ғ. басындағы грамматикалық көзқарастарды топтастырып, жинастырып, кейінгі уақытпен салыстыруға болатынын көрсетті. Кеңестік кезеңдегі етістіктерге арналған өзіндік пікірімен ерекшеленетін Ы. Мамановтың «Қазіргі қазақ тілі. Етістік» (1966) еңбегі, Ғ.Бегалиев пен Н. Сауранбаевтың «Қазақ тілінің грамматикасы» (1944), академиялық көзқарастар топтастырылған 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматика-

сы I. Морфология» еңбегі («Ғылым» баспасы) кітаптарындағы ойлар барынша пайдаланылды. Аталған кітаптың редакторлар алқасында М.Балақаев, Т.Қордабаев, А.Хасенова, А.Ысқақов сынды белді грамматист ғалымдар болуы еңбектің құндылығын арттырады. Ал А. Ысқақовтың морфологияға арналған кешенді еңбегі «Қазіргі қазақ тілі» (1991) кітабындағы етістіктің лексика-грамматикалық сипаттамасы үнемі назарда болды. Сөзді үнемдеуге қатысты Д.Э. Розенталь, М.А. Теленкованың «Словарь-справочник лингвистических терминов» (2001) анықтамалығы қажетіне қарай қолданылғаны етістік, қимыл-әрекет үдерісіндегі белгілі бір құбылыстарға түсінік беру мүмкіндігі ашылды.

Нәтижелер және талқылау

Алдында айтылған А. Байтұрсынұлының етістікке қатысты сол кезде ұсынған терминдерінің бәрі дерлік (99 пайыз) бүгінгі күні қолданыста жүргені атаулардан анық көрініп тұр. Ал А.Байтұрсынұлының грамматикалық категорияларды іштей саралауы қазіргіден бөлек, көп ретте қазіргі күнгі ойды дәлелдеу ретінде берілетін мысалдардан мысалдары да өзгеше. Бұл құбылыс оның басқа грамматикалық тұжырымдарынан да байқалады. Соның бірі етіс категориясына қатысты. Ағартушы А. Байтұрсынұлы *етісті* былайша жіктейді:

- сабақты етіс;
- ортақ етіс;
- өзгелік етіс;
- ырықсыз етіс;
- дүркінді етіс;
- салт етіс;
- өздік етіс;
- беделді етіс;
- шағыс етіс;
- өсіңкі етіс.

Бөлініс етіс формалары тудыратын мағыналарына қарай жасалған әрі олардың контекстке тәуелділігін байқатып-ақ тұр. Бүгінгі таңда бұл бөлініс функционалды грамматиканың аспектісіне, нысанына жақын. Сондықтан қазіргі тіл білімінде функционалды грамматика оқу орындарында жеке пән ретінде оқытылады. Бұл әрі дұрыс бағыт, әрі грамматиканың қиын мәселелерінің шешілуіне ықпал етеді.

Енді осы етіс түрлеріне берілген анықтамаларға назар аударып көрелік: «*Беделді етіс дейміз – істі біреу арқылы істеуді*»; «*Ортақ етіс дейміз – іс жеке істелмесе*»; «*Шығыс етіс*

дейміз – ортақ істі істеуге себепкер болуды»; «Өсіңкі етіс дейміз – күшейген істі». Бұл анықтамалардан олардың грамматикалық сипаттан гөрі жұмсалымдық сипатты жақсы көрсететін (семантикасының басымдығы) анықтамалар екені көрінеді. Грамматикада лексикадан, яки сөз мағынасынан гөрі грамматикалық сипатына басымдық беріледі, тіпті тек грамматикалық сипаты жеке-дара болуын грамматикамен айналысатын ғалымдар ерекшелеп айтады.

Ал анықтама дегеніміз – аяқталған, түйінделген ой. Ой сөйлеммен жеткізіледі. Бұл анықтамалардың бәріне қойылатын талап, яғни осындай болу керектігі – априори. Дегенмен анықтамаларда жеткізілмей қалған ой, қамтылмай қалған өзекті мәселе, жасырын тұрған немесе «керек еткен адам өзі аяқтап алсын» дегендей ішкі бүкпелілік, жеріне жеткізе айта алмаушылық болмауы тиіс. Дәлірек айтқанда: **Анықтама** (латынша *definitio*) – бұл ұғымның мәнін ашуға бағытталған логикалық тәсіл. Жалпы алғанда, кез келген анықтама екі құрамдас бөліктен тұрады: анықталушы (*definiendum*) және анықтаушы (*definiens*). Анықтаушы бөлік арқылы белгісіз немесе түсініксіз ұғымның мазмұны нақты әрі ұғынықты етіліп беріледі. Бұл тәсіл арқылы ұғым басқа, мағынасы белгілі ұғымдармен салыстырылып сипатталады. Терминнің немесе сөздің ең қолайлы анықтамасы – логикалық жағынан дәл әрі мағыналық тұрғыда сәйкес құрылым. Жалпы алғанда, анықтама дегеніміз – жаңа ұғымды түсіндіру үшін бұрыннан белгілі түсініктер арқылы жасалған пайымдаулы сөйлем (<https://kk.wikipedia.org/wiki/>).

Бірақ біз білетін анықтамалардан (XX ғасыр басынан кейінгі, академиялық жазылым талаптарына сай қазіргі заманауи анықтамаларды қосып айтқанда) мына сөйлемдердің құрылымының өзі бөлек, мысалы: «*Беделді етіс дейміз – істі біреу арқылы істеуді*»; «*Ортақ етіс дейміз – іс жеке істелмесе*»; «*Шығыс етіс дейміз – ортақ істі істеуге себепкер болуды*»; «*Өсіңкі етіс дейміз – күшейген істі*». Біздіңше, осы келтірілген әр анықтама әлі де толықтыруды, ойды толығырақ, аяғына дейін жеткізуді керек етеді. «*Беделді етіс дейміз – істі біреу арқылы істеуді*» анықтамасын алып қаралық. Сұрақтар: Іс неге біреу арқылы істелуі тиіс? Біреу арқылы орындалған істің бәрі беделді ме? Болмаса істің орындалуы әлдекімнің беделіне байланысты ма? – деген сауалдар туындайды. Анықтаманы оқығаннан кейін көп сауал туындауы дұрыс болмайды. Анықтамадағы «іс» деген сөздің өзі қазіргі

кезде әрекет етуді емес, заттық ұғымды білдіреді. Бұрын да солай болған, мысалы, *іс істе, істі орында, істі бітір* т.б. Осы пікіріміздің дұрыстығы анықтаманың өн бойынан көрінеді: «*Беделді етіс дейміз – істі біреу арқылы істеуді*». Бірақ бұл анықтамаларда «іс» сөзі «істе» (әрекет ет, қимыл жаса) мағынасын білдіретін сөздің орнында тұр. Әрине, анықтаманың қысқалығы – ең қолайлы тұсы.

Бүгінгі күнгі анықтамаларға қойылатын талаптар мен өткен ғасыр басындағы анықтамалар. Бүгінгі күнгі ғылыми тілге, оның ішінде анықтамалардың жазылуына, тұжырымдылығына қойылатын талап бөлек, әлдеқайда жетілген, ұшталған. Біз тек осы анықтамалардың бастау алуына, жол ашқандығы үшін ағартушы зиялылардың ерен еңбегіне ризашылықпен қарауымыз керек. Бұлар бір кездегі халықтың, тіпті оқығандарының өзінің білім деңгейіне қарай, халықтың сауаттылық деңгейіне орай осылай анықтама жазу орын алған. Бірақ анықтамалар жетілдірілуі тиіс пе? Тиіс, әрине. Өйткені ғылым бір орнында тұрмайды, ғылым сонысымен – ғылым. Ілгерілеген сайын анықтамалар жетілдіріледі, күрделене түсуі керек дегенді ешкім де жоққа шығара алмайды.

Оқулықтар мен анықтамалардың жазылуына байланысты қоғамдық-әлеуметтік жағдайдан туындайтын екінші мәселе бар. Ол ғылыми стильдің қалыптасуы, эволюциясымен байланысты.

Бұл арада өткен ғасыр басындағы ғылыми стиль туралы түсініктің аздығы, академиялық талап туралы мүлде түсінік болмаған кезде академиялық талаптың орындалуын талап етудің өзі тіптен ерсілеу көрінетіні рас. «Сондықтан анықтама болсын, әдеби тілдің стильдік тармақтарына талап қою деген сияқты сұрақтар болсын, ол тұстағы ғылыми қауымның (зиялылардың) алдына мәселе түрінде қойылмағаны белгілі. Ол кездегі мақсат қандай да бір ғылыми түсінік барын әйтеуір жеткізу болса, оның қалай жеткізілуіне көбіне-көп көңіл бөле бермеген» (Момынова, 2024) Міне, соған орай, сол кездегі анықтамалардың заманына сай өзіндік ерекшеліктері қалыптасқан. Ерекшеліктердің қалыптасуына енді бір себеп – халықтың сауаттылық деңгейі. Бұған дәлел бола алатын «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №11 нөмерінде шыққан мақаладан алынған ақпарат. Мақалаға сәйкес 1912 жылдың 1 қаңтарына дейін Торғай облысында 470 109 қазақ халқы тіркелген, алайда бұл халыққа тек 132 мектеп қызмет көрсеткен.

Бұл дегеніміз, орта есеппен әрбір 3561 адамға бір мектептен ғана келген. 1909 жылғы ресми деректерге сәйкес, Қостанай уезінде 60 594 ер адам мен 52 063 әйел, жалпы 112 657 қазақ болған. Солардың ішінде қазақ тілінде хат танитын ер адамдар – 6065 адам, орысша сауаттысы – 690 адам. Ал қазақ тілінде оқи алатын әйелдер – 379 адам, орыс тілінде сауаттысы небәрі – 29 адам. Осы көрсеткіштерден байқалғандай, Қостанай уезінде әр 100 ер адамның тек 6-уы қазақша, ал әр 1000 адамның 6-уы ғана орысша хат таниды. Әйелдер арасында бұл көрсеткіш одан да төмен: әр 300 әйелдің біреуі ғана қазақша, әр 4000-нан біреуі ғана орысша оқи алған. Бұл сандар қазақ халқы арасындағы білім деңгейінің төмендігін нақты көрсетеді. Қостанай уезінің өзінде білім беру көрсеткіші басқа өңірлермен салыстырғанда біршама жоғары болса да, оқыту мекемелері жеткіліксіз болған. 132 мектептің 109-ы бастауыш ауылдық мектептер болып табылады, ал екі сыныптық мектептер әр уезде бір-екіден ғана кездесіп, олар да 30-дан артық оқушыны қабылдай алмаған. Орта және жоғары білім беретін мекемелер іс жүзінде болмаған. Қазақ жастары үшін жоғары оқу орындарында (институттар мен университеттерде) бөлінген орын саны әр облысқа 2-3-тен аспаған. Қазақ тілінде оқулықтар жаңа ғана жарық көре бастаған, кәсіби мұғалімдер саны өте аз, бірыңғай оқу бағдарламасы мен жүйеленген оқыту әдістемесі де болмаған. Сонымен қатар мектеп ғимараттары жетіспеген, мұғалімдерге тұрақты жалақы тағайындалмаған, аймақтық деңгейде біркелкі білім беру үлгісі қалыптаспаған. Мұғалімдерді даярлайтын арнайы оқу орындары – педагогикалық институттар мүлде жоқ болған («Қазақ» газеті, 1937, № 11).

Ал оқу құралдардың жағдайы жайлы «Қазақ» газетінің 1913 жылдың №14 нөмірінен алынған үзіндіде жақсы жазылған.

Сол кезде қазақ қоғамында білім беру жүйесі тұрақталмаған күйде болған, әрі оны біріздендіру де оңай емес еді. Бұған басты себеп – бастауыш мектептерге арналған оқу құралдарының әлі де толық әзірленіп болмағаны. Әліппе кітаптары енді жарық көре бастады. Алайда дыбыстық әдісті (усул саутия) жете меңгермейінше, оқушыларға сапалы әрі нәтижелі білім беру мүмкін емес болды. Дыбыспен жұмыс жасау – сауат ашудың негізгі іргетасы болып табылады. Егер оқыту үдерісі осы негізден дұрыс басталса, оның ары қарайғы дамуы да соғұрлым тиімді болатыны жайлы айтылды («Қазақ» газеті, 1937, № 14).

Бұл айтылған фактілерден байқалатыны – оқулық жазғандардың алдында жалғыз-ақ мақсат болғаны, оны ағартушы Х. Досмұхамедовтің мына пікірден аңғаруға болады: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Олай-бұлай созуға өте ыңғайлы тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып іреттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып іреттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз толық» (Досмұхамедұлы, 1927).

Алғашқы оқулықтарда сөз таңдау, сөз мағынасы мен сөйлемді нормаландыру мәселесінен гөрі, қайткенде де оқулық құрастыру, оны ауызекі тілге жақындатып, ыңғайлы сөйлету, сөйтіп халыққа жеткізу алдыңғы орында тұрған. Яғни априори бұл анықтамалар да, анықтамалар берілген оқулықтардың да жетілдірілуі кейінге қалдырылып отырғанын авторлар өздері сезінген сынды. Ал жетілдіру бөлкім жүзеге асар ма еді, қайтер еді, оларды дүниеге келтірген авторлардың мұндай мүмкіншіліктері қалмай, мұршалары болмай, бәрі дерлік жазаланып кетпегенде.

Келесі белді автордың бірі Құдайберген Жұбанұлының грамматикаға байланысты еңбектері, артында қалған мұралары (Жұбанұлы, 1999) кейініректе бірнеше рет қайта басылды. Ғалымның етістікке берген анықтамасына алайық: «Етістік (мағ.) заттың өзгермелі белгісін көрсетеді». Ал етіс түбірі *таза* түрі (*жаз, оқы*), *келімсек* түрі (*ойн-а, сарға-ай, адам-сы...*) болады екен. Осындағы келімсек түбірдегі *ойн-а* мысалындағы *-а* формасын қосымшалар туралы айтқанда, автордың өлі қосымшаға жатқызатыны тағы бар. *Түп негіз* етіс *салт етіс, сабақты етістен*, ал *туынды негіз етіс – өздік етіс, ырықсыз етіс, өзгелік етіс, ортақ етістерден* құралады деп көрсетеді. Бұл бөліністі біз алдыңғы етіс бөлінісімен салыстыру үшін беріп отырмыз. Алдыңғы А.Байтұрсынұлы бөлінісіндегі *өсіңкі етіс* Қ.Жұбанұлында да бар, одағайлау көрінетін сол атаумен қайталанып тұр, қосымшасы да сол күйінде берілген.

Қазіргі алашшыл рухтың белең алып тұрған кезінде, алаш кезеңін сол күйінде қайталау, тіпті қайталау емес, сол күйінде оралту, болмаса сол кезге оралу деген мәселе көтерілуде. Ал, біздің түсінігімізде, оралту мен оралу байланысты көзқарас біржақты болмауы тиіс. XX ғасырдан кейінгі бір ғасырлық уақытта жазылған ғылыми еңбектер, сондай-ақ зерттеушілердің қисынды, қисынсыз тұжырымдары, болмаса дұрысын дұрыс, бұрысы болса бұрыс деп айту үшін толыққанды зерттеп, салыстыра талдамайынша,

айтылған ой-пікірлерін тұтастықта, лингвистиканың әмбебап заңдарын ескере отырып қарастырмайынша, асығыс пікірге табан тіреуге, тоқтамға келуге болмайды. Өткеннің бәрі дұрыс я бұрыс, кейінгілердікі қате немесе тұтасымен дұрыс дегенді айту үшін зерттеу, салыстыру, ақиқатына көз жеткізу керек. Ендігіжерде грамматиканың қиын мәселелері осы бағытта шешімін табады деп түсіну қажет.

Кеңестік кезеңдегі етістік туралы ғылыми пікірлер. Енді кеңестік кезеңдегі ғалымдардың еңбектеріне, оның ішінде етістікке байланысты еңбектерге, оның өзінде бәріне болмағанмен, кейбір тұжырымдарына тоқталуға болады. Өйткені бір мақалада бәрін қамтып көлемді талдау жасау мүмкін емес.

Етістік туралы еңбегінен филологтардың сан ұрпағы білім алып келе жатқан ғалым Ы. Мамановтың еңбегі «Қазіргі қазақ тілі. Етістік» (1966) деп аталады. Ы.Мамановтың анықтамасы бойынша, **етістік** – қимылды немесе қимылға ұқсас түрлі үдерістерді білдіретін сөз табы. Басқаша айтқанда, ол заттың әрекетін, күйін немесе белгілі бір белгі мен көңіл күйдің, сондай-ақ қарым-қатынастың қимыл арқылы жүзеге асу түрін сипаттайтын сөздер тобына жатады. Осы анықтаманы А. Байтұрсыновтың «Етістік – заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөздер» деп етістікке берген анықтамасымен салыстырып көруге болады. Әрине, Ы. Маманов анықтамасында: қимыл түрі, қарым-қатынас түрі, көңіл-күйдің қимыл түрінде өзгеруін ғана емес, қимыл процесінің өзгеруін білдіретіндігі айтылған. Үдеріс немесе процестің өзі қозғалыс, қозғалыстың (процестің) бір күйден екінші күйге (фазаға) ауысуы да анықтамада қамтылған. Яғни анықтама күрделене түскен. Бір жағынан бір ұғымның, түсініктің екі тілде қайталануы тұрғысынан ауырлағандай көрінді. Логикалық тұрғыдан анықтамада етістіктің грамматикалық категориялары осы *өзгеру* сөзімен қамтылған. Қимылға өзгеру, көңіл-күй қосылған, яғни функционалды сипат айқын бола түскен. Осы арада күрделенудің бәрі де даму яки жетістік болып санала ма деген сауалға көңіл аудару керек. Қай жағынан болмасын ғылыми ой күрделене түскенін жоққа шығару қиын.

1967 жылы «Қазақ тілінің грамматикасы I. Морфология» еңбегі «Ғылым» баспасынан жарыққа шықты. Редакторлар алқасында М.Балақаев, Т.Қордабаев, А.Хасенова, А.Ысқақов бар. Осы еңбекте объекті мен субъекті етістік-

ті түсіндіруде пайдаланылған. Адамзаттық пен ғаламзаттық түсінікке орай етістіктің лексика-семантикалық топтары ажыратылады: 1. Іс-әрекеттің объектімен тікелей байланыстылығына қатысты етістіктер; 2. Беталыс бағыты мен субъект қозғалысын білдіретін қимыл атаулар; 3. Субъектінің қалып, сапалық өзгеруіне байланысты қимыл атаулар; 4. Бейнелеу мағынасында жұмсалатын етістіктер; 5. Ішкі объектілі салт етістіктер; 6. Көмекші етістіктер. Бұл бөліністің алдыңғы да, кейінгі де жіктелістермен, түсініктермен іштей сабақтастығы сезіледі. Сабақтастық семантикалық тұрғыдан, мағынаға бағыну тұрғысынан (райға байланысты ойларды айтып отырмыз) болып көрінді. Бұл мәселе кеңейтілген түрде М. Оразовтың сөз семантикасына тоқталған еңбегінде жақсы айтылады.

Ал 1-суретте көрсетілген рай категориясының бөлінісі де алдыңғы кезеңнен (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанұлы) өзгеше және бұл стандартты білім беретін барлық мектептерде оқытылатын білімнен де басқаша, яғни көпке таныс бөліністен бөлек:

Шындығында қазіргі қазақ тілінде түбір тұлғалы етістікпен бұйрық райлы етістіктің арасында дау-дамай бар (Көпбаева, 2010). Райлардың осы бөлінісіндегі көңіл аудартатыны – шартты және шарттылық райы. *Шартты рай анықтамасы: «Негіз етістіктерге -са/-се жұрнағы жалғану арқылы жасалады». Жатса, келсе, барса, көрсе, т.б. Объекті мен субъектіге байланысты ештеңе айтылмайды. Ал «Шарттылық рай бір істің, қимылдың болу-болмауы екінші бір іске, қимылға байланысты екенін білдіретін етістіктің формасы шарттылық рай деп аталады. Шарттылық рай формасы дағдылы есімше және болжалды келер шақ есімше формаларының еді көмекші етістігімен тіркесуі арқылы жасалады»: Егер менің жеткілікті қаржым болса, түгел сонда төгетін едім* (Ғ. Мүсірепов).

Осыған дейінгі қысқаша айтылғандар етістіктің анықтамасы мен рай формасына қатысты анықтамалар төңірегінде болды, стильдік, ой жеткізуге қатысты салыстырылды және мұқтаждықтан салыстырылды, ал зерттеу, кез келген мәселенің анық-қанығына жету жолындағы ізденістер жалғаса береді. Рай формасы болашақта жан-жақты зерттелетіні, салыстырыла келе бір табан тірейтін нүкте болатынына күмән жоқ. Біздің тарапымыздан ой салу, ойландыру үшін айтылып отырған пікір ретінде қабылданғаны дұрыс.



1-сурет – Рай категориясының лексика-семантикалық топтары (Ы. Маманов бойынша) (Кестелі грамматика, 2024)

Күрделі етістіктер және «Абай жолы» романындағы күрделі етістіктер құрамы. Енді күрделі етістіктерге тоқталып көрелік.

Ғ. Бегалиев пен Н. Сауранбаев (кеңестік кезең) күрделі етістіктерді құрылысына қарай:

1. Екі етістіктен құралатын екі бөлімді (мысалы *бере бер, бара жатыр*) күрделі етістік;

2. Екеуі негізгі күрделі етістік және бір көмекші етістіктен тұратын, оның үсітне үшеуі де дара етістік, үш бөлімді (мысалы, *айта бастан еді, кетіп бара жатыр*) күрделі етістік;

3. Екі дара етістік негізгі, ал екі етістік көмекші болатын төрт бөлімді күрделі етістік, мысалы, *шыдай алмай отыр еді, айтып бере алмай қалды*;

4. Бес бөлімді күрделі етістік деп топтастырады.

Бірақ күрделі етістіктердің құрамы тек етістіктерден тұрмайды, кейде *есім сөз бен етістіктердің* тіркесінен тұрады. Бұларды авторлар *аралас күрделі етістіктер* деп атайды (Қазақ тілінің грамматикасы, 1944).

Күрделі етістіктер құрамына және грамматикалық мағынасына қарай үш топқа бөлінеді:

1. Есімдер мен еліктеуіштердің көмекші етістіктермен тіркесуі арқылы жасалатын тіркесті түбір етістік: *жек көру, тарс ету, гүрс ету*, т.б.

2. Еді көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалатын күрделі формалар. *Еді* өткен шақ және модальдық мағына үстейді: *келе жатыр еді, жақтырмайтын еді*.

3. Көсемшелер – күрделі етістік формалары көмекші етістіктермен тіркесу арқылы жасалады. Мұндай құрылымда етістіктің алғашқы бөлігі – көсемше – негізгі лексикалық мағынаны білдірсе, ал екінші сыңары, яғни көмекші етістік, оған грамматикалық реңк үстейді. Мысалы: *кетіп қалу, келе жатса, оқып шыққан, айтып салды*, т.б.

Морфологиялық категорияларды түбегейлі зерттеген ғалым А. Ысқақов (1991) етістікті морфологиялық құрылымына қарай жалаң және күрделі етістіктерге бөледі.

А. Ысқақов күрделі етістіктерді құрамындағы компоненттеріне, яғни жасалу жолына қарай *құрама, құранды, аналитикалық, тұрақты етістіктер* деп жіктейді.

Айталық Ы. Маманов күрделі етістіктерді бір-бірінен айыруда алдыңғы және соңғы сыңарларының грамматикалық формаларын негізге ала отырып, алдыңғы көсемше түріндегі сыңары лексикалық мағынаға арқа сүйейді, (біздіңше, жұмсалымдық сипатта болады дегенді айтпаса да, болжауға болады); 2. Күрделі етістік құрамындағы соңғы бөлік – көмекші етістік – негізгі қимылға грамматикалық мағына қосады және бүкіл тіркеске етістіктің өзге түрлерімен өзгеруге мүмкіндік беретін құрылымдық қызмет атқарады деп сипатталады.

Ы. Маманов күрделі етістіктердің төрт түрін көрсетеді (Қазіргі қазақ тілі, 1966), олар: *кесімді (алып кел, жеп қой, ішіп жібер* (негізгі мағына-

сы амалдың, істің кесімді түрде орындалатынын білдіруінде); босаң (*ала келу, айта беру* сияқты амалдың босаң орындалғанын білдіретін етістіктер); бейімдік (*отыр, тұр, жүр, жатыр* көмекші етістіктерімен тіркесу арқылы жасалған етістіктер); қалау мәнді (-ғы, -гі, -қы, -кі формасы мен кел етістігінің тіркесуі арқылы жасалған етістіктер) күрделі етістіктер. Бөлініс тағы да жұмсалымдық тұрғыдан жасалған деп санаймыз. Ы.Мамановтың өзге ғалымдар келтіретін құранды күрделі етістіктерді бұл топқа қоспағанын көрініп тұр.

Күрделі етістіктерді осылай өзінше жіктеуі ғалымның етістіктің грамматикалық сипатын жеткізуден гөрі грамматикалық формалардың лексикалық мағына тудыратын қызметіне басымдық бергенін көрсетеді. Олай болатыны, күрделі етістіктерді былайша жіктейді:

- а) қимылдың босандығы,
- ә) жол-жөнекей өтетіндігі,
- б) бір қимылды жасар алдындағы қимыл иесінің соған бейімделуі,
- в) қимылды қалауынан яки қаламауы,
- г) қимылдың созылыңқы өту сипаты, аяқталғандығынан хабардар етеді.

Бұл жіктелістерді күрделі етістік туралы түсініктің эволюциясын көрсету мақсатында келтіріп отырмыз. Мақаланы жазудағы мақсат «Абай жолы» романындағы күрделі етістіктерге тоқталу арқылы болашақта тіл корпустында белгіленім жасауға көмегі болатынын көрсету. Ал мысалдар «Абай жолы» романының әр түрлі томдарынан жинастырылды.

«Абай жолы» романындағы күрделі етістіктердің құрылымы. Енді «Абай жолы» романындағы етістіктерді компоненттерінің құрамына қарай және Ы. Мамановтың жіктелісіне қарай былайша топтастыруға болады:

Екі компоненттен тұратын күрделі етістіктер: *Бұрынғы жаулық, шабуыл үстінде көгеріп, түйілетін қатты ашуын қайта тапты* – Ы. Маманов бойынша қимыл иесінің бір қимылды жасар алдындағы соған бейімделуін байқатады.

Кейде Тәкежан молданың аңқаулығын өзінің болымсыз ұсақ керегіне де жаратып жүреді.

Жіп-жіңішке боп, ұзын сызылған қап-қара қасы да жігіт жүзінің жақсы ажарын аша түскендей.

Мәкіш өзінің Абайға қатты батқан сөзінен қысылып қалды; Осыдан екі бұрын Тінібектің қонақ үйінде жатқан қалың елдің арасында Тәкежанның қамшысы жоғалып кетті – қимыл-

дың созылыңқы өту сипатынан, аяқталғандығынан хабардар етеді.

Үш компоненттен тұратын күрделі етістіктер: *Сол арада Жұмагүл Тәкежанның бұйрығы бойынша Ғабитхан қамшысының бүлдіргісін өзгертін, жылтыр қайыс бүлдірге тақты да, қамшыны басқа үйге апарып тығып қойды; Құнанбай көпке шейін үн қата алмай, ішінен күбірлеп тәубе қылған кісідей сілейін тұрып қапты* – қимылды қалауынан яки қаламауынан. Қалыпты деген көмекші тұлға *қапты* (тағы бір мысал, *көре алмай қап*) түрінде қысқартылып берілген, осылайша қысқарту, үнемдеу сөйлеу тілінде кең етек алған. Және біздің байқауымызды осындай позицияларда қысқарған тұлғаның қолданылуы тіпті нормалық жағдайға жеткен тәрізді. «Тілдік үнемдеу (лингвистическая экономия)» (Розенталь, 2001) сөйлеушінің сөйлеу үстінде күшті үнемдеуге тырысуына қарай өтетін құбылыс. Үнемдеу тілдің өзгеріске түсуіне әсер етеді, кейде тілдік біріктердің өзгеруінің бірден-бір себебі де болады. Аталған өзгерістер *бопты, қапты, сөйтінті* (солай етіпті), *бүйтінті* (бұлай етіпті) деген кіріккен етістіктерден көрінеді. Бұл сынды үнемдеулер тілдің барлық деңгейлерінде, атап айтқанда, фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксисте көрініс береді. Бұл көріністер аса ыңғайлы, дайын модельдер түрінде біртіндеп тілде орныға береді. Морфологияда да жарыққа шығатын ой, адамның аузынан шығатын сөз, іс-қимыл, әрекеттің күрделі яки қарапайым болуы адамның хабарына, ақпаратына байланысты етістіктердің дара я күрделі болуын да тудырады. Екінші мәселе норма тұрақтылығы мәңгілік құбылыс емес. Ал ауызша да, жазбаша да мәтінге қатысты айтқанда, жазушыларды норманы үнемі сақтауы мүмкін емес. Әлбетте шығармашылық тұлғалар норманы кейде сақтай да бермейді, көндікпейді деуге болады, ауытқулар сол көндікпеуден келіп туындайды, сөйтіп барып әр шығармашылық тұлғаның өзіндік стилі қалыптасуына белгілі бір дәрежеде ықпалы болады. Дегенмен де етістіктердің негізгі синтаксистік қызметі – сөйлем баяндауышы болуы. Ал «Баяндауыш сөйлем арқылы айтылған ойды тиянақтап, көптеген сөздерді ілестіріп барып, сөйлемді аяқтап тұрады» (Балақаев, 2006).

М. Әуезов шығармашылығындағы етістіктердің қолданысы, әсіресе күрделі етістіктердің қолданысы туралы шағын мәлімет жоғарыда келтірілген мысалдардан байқалады.

Барлық ағайын тобымен бірге о да күйеуін бірталай жерге шығарып салмақ – жол-жөне-

кей өтетіндігінен (Ы. Маманов бойынша). Іс әлі орындалмаған, алдағы уақытта істеледі, өтеді дегенді аңғартатыны *салмақ* көмекші етістігінен байқалады.

Бұл шақта қатты жүрген күйме, жаңа ғана қылтанақтап келе жатқан, жол жағалаған, тықыр көктің арасымен келе жатыр еді – соңғы етістік қимылдың созылыңқы өту сипатынан, аяқталғандығынан хабардар етеді.

Күрделі қимылды білдіретін күрделі етістіктер М. Әуезов шығармаларында барынша көп кездеседі де, етістіктердің қолданысын және грамматикалық ерекшелікті және сонымен қатар оның стилін байқататын сияқты: *Құнанбай аса қатты ден қойып, ұйып тыңдап қалған еді; Тәкежан міз бақпай, үн қатпай отыра берді* – Ғ.Бегалиев пен Н.Сауранбаев (Қазақ тілінің грамматикасы, 1944) бес бөлімді күрделі етістік деп топтастыратын топқа жатады. Бұл бес бөлімді деп шартты түрде айтып тұрмыз, өйткені кейде компоненттерінің саны одан да көбірек болады. Мысалы:

Көптен қаладан шықпаған Абайға жаңа көктем енді ғана өзінің келе жатқанын баян етті.

Абай өз ісін өзі толық аңғармаған кісідей тауға қараған бойында ыңыранып отырып әндетіп кетті.

Мәкіш бұның дәл осы арадағы әнін орынсыз көріп, жалт қарап бұрыла берді.

Кішкене молда өзінің қайран болған бір жағын үйге кірерде даурыға айтып келеді екен.

Қорытынды

Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы етістіктердің белгіленімі. Корпустық лингвистика әртүрлі халықтардың тілдік мәтіндерін сандық форматта жинақтап, оларды арнайы бағдарламалық жүйелер арқылы өңдейтін Ұлттық тіл корпустарын құру және тиімді пайдалану үдерістерін зерттейтін пән саласы болып табылады. Осыған дейін етістіктердің корпуста белгіленімі байланысты қандай тәжірибені келтіруге болады дегенде, мынаны айту керек: «Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы етістіктердің лексика-семантикалық белгіленімі әзірлемесі: әлемдік тәжірибе, классификациялау, корпуста белгілеу» тақырыбымен орындалған корпус жұмысында етістіктердің метабелгіленімі жасалды. Бұл әзірлеме аясында қазақ тіліндегі етістіктердің лексика-семантикалық сипаттамасын белгілеу келесі бағыттарда жүзеге асырылады: етістіктердің жалпы және нақты семантикалық мәндері сараланды; лексика-грамматикалық ерекшеліктері жүйе-

леніп сипатталады; коннотациялық мағыналық реңктері айқындалады; қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына сәйкес семантикалық топтар бойынша жіктеу жүргізіледі; шағын семантикалық топтар қолданысқа тиімді ірі лексикалық кластарға біріктіріледі; корпуста енгізілетін белгілер мен кодтар көпшілікке түсінікті ұғымдар, терминдер мен атаулар негізінде таңдалады; етістіктердің омонимдік ерекшеліктері ескеріліп, әрбір мағынасына сәйкес дербес белгіленімдер жасалады.

Бұған қоса, етістіктерді сипаттау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Сөзжасамдық талдау – етістіктің түбірі мен туынды формалары анықталады.

2. Лексика-грамматикалық мағынасы бойынша – етістіктер болымды/болымсыз және салт/сабақты болып жіктеледі.

3. Жекелеген (кіші) семантикалық құрылымы негізінде – әр етістіктің айрықша мағынасын білдіретін түпкі семалық бірлігі (айырушы сема) анықталады, осы арқылы лексеманың семантикалық тереңдігі танылады. Бұл тәсіл нәтижесінде 72 кіші семантикалық топтан тұратын жүйеленген классификация жасалды.

4. Жалпылама (ірі) семантика деңгейінде – мағыналық жағынан туыстас кіші топтар ортақ семалар негізінде ірі лексикалық кластарға біріктіріледі.

5. Коннотативтік сипаттамасына сәйкес – әр етістікке эмоциялық реңкіне қарай үш түрлі белгі: «*жағымды*», «*жағымсыз*», «*бейтарап*» ретінде сипаттама беріледі. Етістіктің бұл эмоционалды реңкі оның мағыналық мазмұнына, қолданылатын контекстіне және синтаксистік қызметіне тікелей ықпал етеді.

Аталған әзірлемеде: «Етістіктердің лексика-семантикалық белгіленімін жасау процесін 7 этапқа бөлу мүмкіндігі анықталған: дара етістіктер жинастырылды, өзге тілдердегі лексика-семантикалық белгіленім үлгілерімен танысу мүмкіндігі жасалды, жинақталған етістіктердің лексика-грамматикалық сипаттамасы жасалды, лексика-грамматикалық топтарға жіктелді, жіктеуде қиындық тудырған етістіктерге талдау берілді, дайын болған мәліметтер алгоритмге сай базаға енгізілді. Ұсынылып отырған бұл жіктеудің негізгі ерекшелігі – әрбір етістікке оның мағынасын толық және дәл ашатын семантикалық топтың сәйкес келуі. Зерттеуші Б. Момынованың жіктеуінде шағын семантикалық топтар өзара мағыналас құрылымдарға біріктіріліп, **бес ірі лексика-семантикалық класқа** топтастырылған. Бұл құрылымдарды **семантикалық топтар** немесе **субтоптар** ретінде сипаттауға болады.

Аталған жүйелеудің басты артықшылығы – етістіктің семантикалық әлеуетін барынша нақты сипаттайтын құрылымдық негізде жасалуы».

Бұл ақпарат үнемі жетілдіріліп отыратын корпуста етістіктің морфологиялық белгіленімін жетілдіруде қажет мәліметтер деп айтуға болады.

Зерттеуді ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі, ғылым комитеті қаржыландырады. Мақала «Қазақ поэтикалық корпусы әзірлемесі: Абай өлеңдерінің морфологиялық және поэтикалық белгіленімі» (ЖТН BR21882334) БНҚ бағдарламасы негізінде орындалды.

References

- “Qazaq” gazeti. Oqu zhayı. (1913). [Newspaper “Kazakh”. About education]. Vol. 11. April 21.
- “Qazaq” gazeti. Qazaqsha oqu zhayinan. (1913). [About education in Kazakh], Vol. 14, May 16.
- Baitursynuly, A. (1915). *Til-qural. Qazaq tilining sarfy 2-nshi zhildyq* [Language tool. Kazakh language grammar for the second year]. Orynbor. (in Kazakh).
- Baitursynuly, A. (2022). *On eki tomdyq shygharmalar zhinagy. Qazaq zhane orys tilderinde. Törtinshi tom. Til-qural* [Twelve-volume collected works. In Kazakh and Russian languages. Volume four. Language tool]. Astana. (in Kazakh).
- Balaqaeв, M. (2006). *Qazirgi qazaq tili: Söz tirkesi men zhai soilem sintaksisi* [Modern Kazakh language: Phrase and simple sentence syntax]. Astana. L.N. Gumilyov ENU. (in Kazakh).
- Begaliyev, G., Sauranbaev, N. (1944). *Qazaq tilining grammatikasy* [Kazakh language grammar]. Almaty. (in Kazakh).
- Dosmukhameduly, Kh. (1927). *Adamnyng tän tirligi* [Human body functions]. Kyzylorda. (in Kazakh).
- Kesteli grammatika, Qazaq tilining kesteli grammatikasy. Morfologiya (XX ғасыр басы – қазіргі қазақ тили). (2024). [Tabular grammar. Tabular grammar of the Kazakh language. Early 20th century – Modern Kazakh language]. Almaty. (in Kazakh).
- Kopbayeva Zh.T. (2010). Turkitanudagy etistik tudyrushy affiksterding zerttelui [The study of verb-generating affixes in Turkology]. Eurasian Journal of Philology Science and Education. Vol. 4-5, P. 99-105.
- Mamanov, Y. (1966). *Qazirgi qazaq tili. Etistik* [Modern Kazakh language. Verb]. Almaty: Mektep. (in Kazakh).
- Momynova, B., Anessova, U. (2024). Sayasi liderler men memleket qayratkerleriniñ tili: XX g. basyndaғы Alashorda kosemderinen taelisizdikke deiin [The language of political leaders and statesmen: From the early 20th century Alashorda leaders to independence]. Almaty: “Qazaq tili” publishing house. (in Kazakh).
- Qazaq tilining grammatikasy I. Morfologiya. (1967). [Kazakh language grammar I. Morphology]. Almaty. Ghylm baspasy. (in Kazakh).
- Qazaq tilining grammatikasy. (1944). [Kazakh language grammar]. Almaty. (in Kazakh).
- Qazaq tilining ulttyq korpusyndagy etistikterdin leksika-semantikalыq belgilenim azirlemesi: alem dyk täjiribe, klassifikatsiyalau, korpusta belgileu. (2017). [Lexical-semantic marking development of verbs in the Kazakh national corpus: global experience, classification, corpus tagging]. (in Kazakh).
- Qazirgi qazaq tili (Etistik). (1966). [Modern Kazakh Language (Verb)]. – Almaty: Mektep, 153 pages. (in Kazakh).
- Rozental, D.E., Telenkova, M.A. (2001). *Slovar-spravochnik lingvisticheskikh terminov* [Dictionary-reference book of linguistic terms]. Moscow. OOO “Izdatelstvo Astrel”, OOO “Izdatelstvo AST”. (in Russian).
- Wikipedia [Electronic resource]. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/> (Date of use: 16.12.2024)
- Ysqaqov, A. (1991). *Qazirgi qazaq tili* [Modern Kazakh language]. Almaty. Ana tili. (in Kazakh).
- Zhubanuly, Q. (1999). *Qazaq tili zhönindegi zertteuleri* [Studies on the Kazakh language]. Almaty. Ghylm. (in Kazakh).

Авторлар туралы мәлімет:

Момынова Багдан Қатайқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: momynova_b@mail.ru);

Саткенова Жайна Бағашаровна (корреспондент автор) – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: jaina1978@mail.ru);

Әнес Үміт Ғарифоллақызы – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: a_umit@mail.ru);

Мадиева Гульмира Баянжановна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: gmadi@kaznu.kz).

Свидения об авторах:

Момынова Багдан Катаевна – доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания им. А. Байтурсынулы (Алматы, Казахстан, e-mail: momynova_b@mail.ru);

Саткенова Жайна Бағашаровна (корреспондент-автор) – кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: jaina1978@mail.ru);

Анес Умит Гарифоллақызы – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: a_ymit@mail.ru);

Мадиева Гульмира Баянжановна – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: gmadi@kaznu.kz).

Information about the authors:

Momynova Bagdan – Doctor of Philology, Professor, A. Baitursynov Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: momynova_b@mail.ru);

Satkenova Zhaina Bagasharovna (corresponding author) – Candidate of Philology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: jaina1978@mail.ru);

Anes Umit Garifollakizy – PhD, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: a_ymit@mail.ru);

Madiyeva Gulmira – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gmadi@kaznu.kz).

Келіп түсті: 11 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 10 маусым 2025 жыл